**Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қараша N 1764

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және Қарағанды облысы әкімінің көп балалы отбасыларының балалары, балалар үйлерінде, интернат мекемелерінде тәрбиеленушілер және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар - оқу озаттары, белсенді және дарынды балалар үшін 2000 жылдың 23 желтоқсанында Қарағанды қаласында Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізу жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Президенттік жаңа жыл шыршасын әзірлеу және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы;

2) Президенттік жаңа жыл шыршасын әзірлеу және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Президенттік жаңа жыл шыршасына көп балалы отбасыларының балаларынан, балалар үйлерінің, интернат мекемелерінің тәрбиеленушілерінен және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардан жасы 9-дан 13-ке дейінгі оқу озаттарының, белсенді және дарынды балалардың санын қосымшаға сәйкес жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдеріне алып жүрушілердің іссапарлық шығыстарын, балалардың екі жаққа жол жүру және жолда тамақтану ақысын төлеуді тиісті жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жүргізу ұсынылсын.

5. Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізу жөніндегі шығыстарды, оны орындауға жауапты тиісті мемлекеттік мекеме-әкімшілер бағдарламаларының 2000 жылға арналған бюджетте көзделген қаражаты есебінен және шегінде қаржыландыру белгіленсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
27 қарашадағы
N 1764 қаулысымен
бекітілген

Президенттік жаңа жыл шыршасын әзірлеу және

өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің
Құрамы

Көшербаев - Қазақстан Республикасының
Қырымбек Елеуұлы Білім және ғылым министрі,
төраға

Есенбаев - Қазақстан Республикасының
Мәжит Төлеубекұлы Қаржы министрі,
төрағаның орынбасары

Мұқамеджанов - Қарағанды облысының әкімі,
Камалтин Ескендірұлы төрағаның орынбасары

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Соппекова - Қазақстан Республикасының
Сәуле Байболқызы Премьер-Министрі Кеңсесі
Аймақтық даму және әлеуметтік
сала бөлімі меңгерушісінің
орынбасары

Бектұрғанов - Қазақстан Республикасының
Нұралы Сұлтанұлы Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім вице-министрі

Бекметов - Қарағанды облыстық білім

Евгений Петрович департаментінің бастығы

Бозымбаев - Қазақстан Республикасының
Қанат Алдабергенұлы Энергетика, индустрия және
сауда вице-министрі

Досқалиев - Қазақстан Республикасының
Жақсылық Ақмырзаұлы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі
агенттігінің төрағасы

Жұмабекова - Қазақстан Республикасының
Рысты Мағауияқызы Білім және ғылым министрлігі
Жалпы орта білім
департаментінің директоры

Исақов - "Қазақстан теледидары мен
Орынбасар Исақұлы радиосы" республикалық
корпорациясының вице-президенті
(келісім бойынша)

Қасейінов - Қазақстан Республикасы
Дүйсен Қорабайұлы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігі
Мәдениет комитетінің төрағасы

Құсайынов - Қазақстан Республикасының
Әбілғазы Қалиақпарұлы Көлік және коммуникациялар
вице-министрі

Отто - Қазақстан Республикасының
Иван Иванович Ішкі істер вице-министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
27 қарашадағы
N 1764 қаулысымен

бекітілген

Президенттік жаңа жыл

шыршасын әзірлеу және өткізу жөніндегі іс-шаралар
Жоспары

| N | №Іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | Президенттік жаңа жыл шыршасы. ны қатысушы балаларды (бұдан әрі - балалар) және алып жүрушілерді іріктеуді ұйымдастыру | 11 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 2. | Көлік түрін анықтау және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министр. лігіне балалардың келу және қайту кестесін жіберу | 4 желтоқ. санға дейін | Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 3. | Балаларды және алып жүруші. лерді жөнелтуді, олардың екі жаққа жол жүру, жолда тамақтану ақысын төлеуді, сондай-ақ қайтқанда күтіп алуды қамтамасыз ету | 20-26 желтоқсан | Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері |
| 4. | Балалар, алып жүрушілер үшін вагондарда орындарды анықтау және оларды тұрған жерлерінен Қарағанды қаласына дейін және кері жеткізу тәсімін жасау | 18 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | |
|---|---|---|
| 5. Балаларды тасымалдауды ұйымдастыратын үйлестіру. шілерді тағайындау және бар. лық мүдделі министрліктерге олардың байланыс телефондары. ның нөмерлерін хабарлау | 4 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 6. Балаларды тұратын жерлері. нен темір жол көлігімен Қарағанды қаласына дейін және қайтар жолда ішкі істер органдары қызметкерлерінің алып жүруін ұйымдастыру | 20-26 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 7. Балалар тұратын және іс-шаралар өткізілетін орын. дарда қоғамдық тәртіптің сақталуын, сондай-ақ оларды Қарағанды қаласында жүрген кезде ішкі істер органдары қызметкерлерінің алып жүруін қамтамасыз ету | 20-26 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 8. Президенттік жаңа жыл шырша. сын әзірлеу және өткізу үшін сыйлықтарды, кәдесыйларды және қажетті материалдарды сатып алуға көмек көрсету | 11 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 9. Балаларға сыйлықтарды сатып алу және топтау | 11 желтоқ. сан | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қарағанды облысының әкімі |
| 10. Президенттік жаңа жыл шыр. шасын әзірлеу және өткізуге Қарағанды облысының мәдениет қызметкерлері мен шығармашы. лық ұжымдарының қатысуын | желтоқсан | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |

| | | |
|---|---|---|
| қамтамасыз ету | | |
| 11. Президенттік жаңа жыл шыр.<br>шасын әзірлеу және өткізу<br>барысын бұқаралық ақпарат<br>құралдарында көрсетуді<br>қамтамасыз ету | желтоқсан | Қазақстан Республикасының<br>Мәдениет, ақпарат және<br>қоғамдық келісім министрлігі |
| 12. Президенттік жаңа жыл шыр.<br>шасын теледидарға түсіруді<br>ұйымдастыру | 23 желтоқ.<br>сан | "Қазақстан теледидары мен<br>радиосы" республикалық<br>корпорациясы (келісім<br>бойынша) |
| 13. Президенттік жаңа жыл шыр.<br>шасын әзірлеу және өткізу<br>барысында қажетті<br>фонограммалар жазуға көмек<br>көрсету | желтоқсан | "Қазақстан теледидары мен<br>радиосы" республикалық<br>корпорациясы (келісім<br>бойынша) |
| 14. Президенттік жаңа жыл шыр.<br>шасына қатысушыларды қарсы<br>алуды, орналастыруды, тұру.<br>ын, тамақтандыруды, шығарып<br>салуды қамтамасыз ету | 21-25<br>желтоқсан | Қарағанды облысының әкімі |
| 15. Президенттік шырша өтетін<br>жерді, оны орнатуды, сон.<br>дай-ақ Қарағанды қаласының<br>тиісті көшелерін безендіруді<br>қамтамасыз ету | 22 желтоқ.<br>санға<br>дейін | Қарағанды облысының әкімі |
| 16. Президенттік жаңа жыл шыр.<br>шасын өткізу сценарийін<br>дайындау | 11 желтоқ.<br>санға<br>дейін | Қазақстан Республикасының<br>Білім және ғылым<br>министрлігі<br>Қарағанды облысының әкімі |
| 17. Балалардың Қарағанды қала.<br>сында болуының күнтізбелік<br>жоспары мен бағдарламасын | 11 желтоқ.<br>санға<br>дейін | Қазақстан Республикасының<br>Білім және ғылым<br>министрлігі, |

| | | |
|---|---|---|
| жасау | | Қарағанды облысының әкімі |
| 18. Шақыру билеттерін, бағдар. ламаларды, рұқсат қағазда. рын, бейджder мен басқа да баспа өнімдерін дайындауды қамтамасыз ету | 11 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қарағанды облысының әкімі |
| 19. Әртістер үшін сценарийге сәйкес костюмдер дайындау | 15 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қарағанды облысының әкімі |
| 20. Мереке өтетін жерлердің декоративтік, жарықтық, дыбыстық және музыкалық көркемделуін қамтамасыз ету | 22 желтоқ. санға дейін | Қарағанды облысының әкімі |
| 21. Жаңа жылдық торт дайындауды, тәтті дастархан ұйымдастыру. ды қамтамасыз ету | 23 желтоқ. сан | Қарағанды облысының әкімі |
| 22. Балалардың Қарағанды облы. сында болатын барлық кезеңі не арналған мәдени-спорттық бағдарлама дайындау және өткізу | 21-25 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қарағанды облысының әкімі |
| 23. Балаларды алдын ала кешенді медициналық тексеруді қамта. масыз ету және тұратын, іс-шаралар өтетін жерлерде медицина қызметкерлерінің тәуліктік кезекшілігін ұйымдастыру | 21-25 желтоқсан | Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі, Қарағанды облысының әкімі |
| 24. Балаларды тұратын жерлері. нен Қарағанды қаласына | 20-26 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері |

| | | |
|---|---|---|
| дейін және кері қайтар жолда темір жол көлігінде денсаулық сақтау қызметкер. лерінің алып жүруін ұйымдастыру | | жөніндегі агенттігі |
| 25. Президенттік жаңа жыл шыр. шасын әзірлеу және өткізу барысын көрсететін бұқара. лық ақпарат құралдары қызметкерлерінің тізімін белгілеу | 18 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республикасы Президенттің Баспасөз қызметі (келісім бойынша) |

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
27 қарашадағы
N 1764 қаулысына
қосымша

Президенттік жаңа жыл шыршасына қатысушылардың сандық құрамы

Барлық қатысушылар - 222

оның ішінде балалар - 200
алып жүрушілер - 22

| Облыстардың, қалалардың, ұйымдардың аты | Балалардың саны | Алып жүрушілердің саны | Барлық қатысушылар |
|---|---|---|---|
| Ақмола | 10 | 1 | 11 |
| Ақтөбе | 10 | 1 | 11 |
| Алматы | 15 | 2 | 17 |
| Атырау | 10 | 1 | 11 |
| Шығыс Қазақстан | 15 | 2 | 17 |
| Жамбыл | 15 | 2 | 17 |
| Батыс Қазақстан | 10 | 1 | 11 |
| Қарағанды | 15 | 2 | 17 |
| Қызылорда | 10 | 1 | 11 |
| Қостанай | 10 | 1 | 11 |
| Маңғыстау | 10 | 1 | 11 |
| Павлодар | 10 | 1 | 11 |
| Солтүстік Қазақстан | 10 | 1 | 11 |
| Оңтүстік Қазақстан | 20 | 2 | 22 |
| Астана қаласы | 10 | 1 | 11 |
| Алматы қаласы | 10 | 1 | 11 |
| Республикалық ұйымдар | 10 | 1 | 11 |
| Барлығы | 200 | 22 | 222 |

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК